



Автор: Бибисанам Сарманова Мухтаровна

Пән: Математика

Сынып: 1-сынып

Бөлім: 20-ға дейінгі сандарды қосу және азайту

Тақырып: 20-ға дейінгі сандарды азайту

| | |
|-------------------------------|---|
| 20-ға дейінгі сандарды азайту | .1.2.5 ** 20 көлеміндегі сандарды ондықтан аттамай ауызша қосу және азайту/ондықтарды ауызша қосу және азайту амалдарын орындау 1.5.2.2 ** «+», «-», «=» белгілерін пайдалану |
|-------------------------------|---|

Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|--|--|-----------|
| 20-ға дейінгі сандарды азайту (40 мин) | <p>Күннен жылу аламыз, Алақанға саламыз. Күннен алған жылуды, Жүрегімізге сақтаймыз. Жүректегі жылуды, Бір-бірімізге сыйлаймыз. Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, жүрек жылуын сезініп, үйренген қандай тамаша!</p> <p>Кіріспе 1. Оқу мақсатымен таныстыру 2. Бағалау критериімен таныстыру. Таныстырылым. Оқушылар сабақта 20-ға дейінгі сандарды азайтуды үйренеді. Екі таңбалы саннан бір таңбалы санды азайту үшін бірліктен бірлікті азайту керек, ал ондықты өзгеріссіз қалдыру керек. $17-3=7-3+10=14$ $17=10+7$ 3 бірл=4 бірл 10нд+4 бірл=10нд4 бірл=14 1тапсырма. Өз бетінше жұмыс. Сандық сәуле арқылы азайту амалын орындайды</p> <p>Дескриптор: -Сандық сәулені пайдаланып, мысалды орындайды. -. «+», «-», «=» белгілерін пайдаланады. Қ.Б.Басбармақ. Екі таңбалы саннан екі таңбалы санды азайту үшін бірліктен бірлікті, ондықтан ондықты азайтуға болады. (МК, Т), 2тапсырма.. Азайту амалын орындау. $18-12=8-2+10-10=6$ $15-13=5-3+10-10=2$ $17-14=7-4+10-10=3$ $19-15=9-5+10-10=4$ Дескриптор: - Екі таңбалы сандарды азайтады -+ - таңбаларын дұрыс пайдаланады. Қ.Б.Басбармақ (Ж), 3тапсырма. Шығарып көр. Әрбір қалтадағы кәмпит санын анықтайды. Дескриптор: -20 көлеміндегі сандарды азайтады. Қ.Б.Басбармақ. Бейнеролик арқылы сергіту сәтін жасау. Инклюзив оқушыға берілетін тапсырма: Сан сәулесін пайдаланып 10-нан 20-ға дейін сана Дескриптор Сан сәулесін пайдаланады Сандарды санайды ҚБ: Жұлдызша Қосымша тапсырмалар. Мысалдарға сәйкес келетіндей дөңгелектерді бояп, оларды шығар. Тапсырма 20-ға дейін сан- дарды ондықтар арқылы аттамай азайту дағдысын қалыптастыруға бағытталған. Қолданылып отырған амалға иллюстрация ретінде әрбір мысалға сурет салу, түрлі түсті қарындашпен мысалдағы бірінші сан нешені білдірсе, сонша дөңгелектерді бояуы керек. Мысалдағы екінші санды білдіретін дөңгелек санын оқушылар сызып тастауы керек. Бұл өзін-өзі көрнекті түрде тексеруді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жауабы: $17 - 4 = 7 - 4 + 10 = 3 + 10 = 13$; $15 - 1 = 5 - 1 + 10 = 4 + 10 = 14$; $19 - 7 = 9 - 7 + 10 = 2 + 10 = 12$. Дескриптор: -20көлеміндегі сандарды ондықтан аттамай азайтады. Қ.Б.Басбармақ. Сұрақтар арқылы қорытындылау. Кері байланыс жасау.Басбармақ арқылы кері байланыс жасау.</p> | |